

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫНДАҒЫ
СӘЙКЕССІЗДІКТІ
ТӨМЕНДЕТУДІҢ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫ**

Түйіндеме

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі терең дифференциация бірыңғай әлеуметтік-экономикалық кеңістіктің ыдырауына және экономикалық және әлеуметтік құрылымдарда аумақтық сәйкессіздіктердің пайда болуына әкеледі, бұл тек өңірлік ғана емес, сонымен бірге ұлттық шаруашылықтың жұмыс істеу тиімділігінің төмендеуін білдіреді. Аумақтық әлеуметтік-экономикалық диспропорция бірқатар жағымсыз салдарлармен бірге жүретіндіктен, оларды жеңу әлемнің елдері мен өңірлеріндегі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде анықталады. Сондықтан, мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасының өңірлік дамуындағы экономикалық сәйкессіздіктерді талдау және оларды жеңу жолдарын қарастыру.

Кілтті сөздер: өңір, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, дифференциация, диспропорция.

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMA-
LARI DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CİLT 5 / SAYI 1 / OCAK
2022

Sorumlu Yazar
Corresponding Author
СМАГУЛОВА Г. С.
СЕРМАФАМБЕТ Ү. М.

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, э.ғ.к., профессор
м.а. gssmagulova@gmail.com

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ докторанты,
maratovna0195@gmail.com

Gönderim Tarihi
Received
13.01.2022

Kabul Tarihi
Accepted
25.01.2022

Atf
СМАГУЛОВА, Г. С.,
СЕРМАФАМБЕТ, Ү. М.
(2022). “Қазақстан
Республикасы Өңірлерінің
Әлеуметтік
Экономикалық
Дамуындағы
Сәйкессіздікті
Төмендетудің Негізгі
Бағыттары”, *Uluslararası
Türk Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (5/1), 97-104.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

THE MAIN DIRECTIONS OF REDUCING THE DISPARITY IN THE SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE REGIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

Excessive differentiation at the level of socio-economic development of the regions leads to the disintegration of a single socio-economic space and the emergence of territorial imbalances in economic and social structures, which entails a decrease in the functioning efficiency of not only regional, but also the national economy as a whole. Since territorial socio-economic imbalance is accompanied by a number of negative consequences, their overcoming is defined as an important direction of state policy in most countries and regions of the world. Therefore, the purpose of the article is to analyze economic imbalances in the regional development of the Republic of Kazakhstan and consider ways to overcome them.

Keywords: region, socio-economic inequality, differentiation, disparity.

Кіріспе

Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен қатар өңірлердің қарқынды даму проблемасымен бетпе-бет келеді және оны шешудегі өз тәжірибесін жинақтады. Сонымен қатар, соңғы жылдары жергілікті әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерді талдау барысында мемлекет қабылдаған шаралардың тиімділігінің аз екендігін көрсетті және өңірлік ерекшеліктер мен халықаралық тәжірибені ескере отырып, жүргізілетін өңірлік саясатқа өзгерістер енгізу қажеттілігін айқындайды.

Қазақстанның өңірлік саясаты ұлттық экономиканың экономикалық өсуінің маңызды нүктелері болып табылатын урбанизация және агломерация процестерін ынталандыру мен реттеушілік дамытуды, экономикалық және демографиялық әлеуеті бар перспективалы елді мекендерді дамыту мен қолдауды қамтитын ұтымды өңірлік ұйымды қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған, бұл урбанизация өңірлік даму үдерістерінің әлемдік даму үрдістеріне сәйкес келеді.

Өңірлік әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер әлемнің көптеген елдеріне тән, Қазақстан бұл жерде бірегей

емес. Қазақстан Республикасының аумағы 14 облыстан, 3 республикалық маңызы бар қаладан тұрады. Қазақстан өңірлерінің экономикасының құрылымына қарай келесідей категорияға бөлуге болады. Мұнай өндіруші- Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары, өнеркәсіптік- Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары және ауылшаруашылық - Ақмола, Алматы, Қостанай, Жамбыл, СҚО және Түркістан облыстары жатады. Елдің мұнай өндіруші және өнеркәсіптік өңірлерде көптеген экономикалық көрсеткіштер бойынша жағдай әл-ауқаты жоғары болса, ал ауыл шаруашылығымен айналысатын өңірлерінде күрделі болып қалуда.

Республикада жүзеге асырылып жатырған өңірлерді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларда «Өңірлер арасында жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша дамудың алшақтығы» деп аталатын нысаналы индикатор маңызды болып табылады (Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2019). Ол өзінің мазмұны бойынша өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық дифференциация деңгейінің нақты көрінісін көрсетуі тиіс. 2019 жылғы көрсеткіш бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша ең жоғары көрсеткішті Атырау облысы – 14584,4 мың теңге және ең төмен көрсеткішті – 1008,1 мың теңге Түркістан облысы көрсеткен және ондағы айырмашылық 15 есені құрады. Осы көрсеткішке қарай отырып, Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының теңсіздігін еңсеру жолдары өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан жоғары дифференциация тән екенін байқауға болады.

Халықаралық тәжірибені зерделеу бізге ғылыми әлемде өңірлердің дамуындағы сәйкессіздіктерді тегістеу мәселесіне қатысты ұғымның мазмұны мен мағыналық жүктемесі бойынша бірыңғай пікір жоқ деген қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Әрбір ел өзінің ерекшеліктері мен көзделетін мақсаттарын ескере отырып, өңірлік саясаттың мәні мен мазмұнын дербес қалыптастырады. Сонымен қатар, өңірлердің біркелкі емес даму проблемасын шешудің әлемдегі бар шешімдеріне карамастан, олардың барлығы

теңестірудің түпкілікті мақсатын біріктіреді – бұл мемлекеттің бүкіл аумағында халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының біркелкі деңгейіне қол жеткізу.

Осы тұрғыда Мемлекет басшысы қазіргі заманғы үрдістер мен сын-қатерлерді ескере отырып, өңірлік дамудың барлық жүйесін жаңғырту бойынша бірқатар жаңа міндеттер қойды. Жаңа жағдайлардағы өңірлік саясат стратегиялық жоспарлау институттарының – мемлекеттің, өңірлердің, бизнестің, қоғамдық бірлестіктердің және сараптамалық қоғамдастықтың жаңартылған рөліне көбірек сүйенуге тиіс.

Қабылданған шараларға қарамастан, қолданыстағы бағдарламалық құжаттар (мемлекеттік, үкіметтік, салалық, өңірлік) ведомстволық және тар көзқарасқа ие және өңірлік саясаттың басымдықтарға жетуіне нашар бағытталған. Олардың негізгі бағыты "өсу нүктелері" (макроаймақтар, хаб-қалалар, агломерациялар, "бірінші / екінші / үшінші деңгейдегі" қалалар) түріндегі табысты өңірлерді қолдау болып табылады, ал артта қалған өңірлер кездесетін мәселелерді еңсеру тікелей қудаланбайды.

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық өңірлік даму деңгейінде бар елеулі кемшіліктерді төмендету үшін біз екі бөліктен тұратын Жол картасы түрінде алгоритм ұсынамыз. Ол ел аумағында экономикалық қызметтің тиімді және біркелкі бөлінуіне қол жеткізу үшін белгілі бір өңірлерде селективті әсер етуден тұратын мемлекеттік органдардың саналы белсенділігін айқындайтын таңдаулы өңірлік саясатқа негізделген.

Объективті селективті өңірлік саясат мақсаты екі құрамдас бөлікті қамтитын аймақтардың экономикалық саясатының міндеттеріне сәйкес анықталады: «тиімділік» және «теңдік». «Теңдік» моделі аймақтардың экономикалық саясаты артта қалған аумақтарға ішінара әсер еткен кезде қолданылады. "Тиімділік" моделі әсер дамыған аймақтарға ("өсу полюсі") жүргізілген кезде қолданылады. Мазмұндық бөлікте селективті аймақтық саясат поляризацияланған және теңестіруші болып бөлінеді.

Поляризацияланған селективті саясаттың мақсаты басқа қалған субъектілерді елемей, дамудың салыстырмалы

жоғары әлеуетіне ие нақты өңірлерге көмек көрсетуге арналған. Мұндай тәсіл «Локомотив» рөліне таңдап алынған өңірлерге инвестициялардың ағуына алып келеді.

Селективті аумақтық саясатта тегістеу тәсілі қолданыстағы жиыннан таңдап алынған әрбір нақты елдің мүдделерін ескере отырып, таңдаулы өңірлерден таңдаулы әсер ету негізінде жоғары деңгейдегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді дамытуда саралауды тегістеу үшін қолданылады. Тегістеу саясаты, артта қалу аяңдары теңестіру объектісі болғанда ынталандырушы бағытқа ие болады және тек нарық институттарына ғана сене отырып, мемлекеттің араласуынсыз қол жеткізе алмайтын мақсаттардың орындалуын қамтиды. Мақсатты мазмұнның арқасында бұл саясат жалпы трансферттер арқылы мемлекеттен мемлекеттік қолдаудың ұқсас шаралары бойынша ерекшеленеді және көп жағдайда қоныс аударылған мегаполистердің теңсіздікті түзету объектілеріне түсіп жатқанда кедергі келтіретін рөл атқарады (Самарина, 2016: 300).

Өңірлік диспропорциялардың жоғары қарқынының төмендеуі белгілі бір қиындықтарға әкеп соғады, өйткені ғылыми көздерде селективті аумақтық саясатты іске асыруды объективті бағалау әдісі жоқ. Сонымен қатар, өңірлердің даму бағдарламалары мұндай саясат үшін тиімді ынталандыру құралы болып табылады және аумақтық дамудың сыртқы және ішкі факторларын белсендіруге бағытталған бірқатар тәсілдерді қамтиды (Леонов, 2011: 6).

Селективті өңірлік саясаттың тиімділігі үшін екі критерий бар: проблемалық аумақтар санының динамикасы және өңіраралық теңсіздіктер динамикасы. А.Г. Гранберг маңызды заңдылық қалыптастырды - өңіраралық теңсіздіктердің артта қалған аумақтар санының динамикасына әсері және бұл құбылыс «Өңірлік даму проблемасы» деп аталды (Гранберг, 2012: 576). Осылайша, ғалым өңірқаралық теңсіздіктердің артуы сөзсіз проблемалы аудандардың көбеюіне алып келеді деп атап өтті. Теңдестіруші өңірлік саясат аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері олардың индикаторларын

тепе-теңдік күйіне келтіру үшін жүзеге асырылатын бірқатар құралдарға ие.

Осылайша, теңдестіруші селективтік өңірлік саясат қолданыстағы бағдарламалық және стратегиялық құжаттарда қабылданған және артта қалған, «әлсіз» өңірлерге жеткіліксіз назар аударған кезде «өсу полюстері» ретінде табысты өңірлердің одан әрі дамуына ықпал ететін поляризацияланған түрдегі саясат Қазақстанда жүргізіліп жатқан саясаттан гөрі артық және тиімді деп қорытындыға келдік. Бұл өңірлік деңгейдегі сәйкессіздіктің өсуіне алып келеді, проблемалық аумақтық бірліктердің санын арттырады. Керісінше, оң нәтижелер бірінші кезекте әлсіз дамыған аумақтарды қолдайтын теңестіру селективті өңірлік саясат көрсетті.

Өңірлер арасындағы айырмашылық әрдайым болады. Өңірлердің теңдестірілген дамуынсыз бүкіл мемлекеттің тұтас дамуы мүмкін емес екенін түсіну керек. Үкіметтің бұл айырмашылықты қысқартудағы негізгі міндеті. Айырмашылықтар келесі негізгі себептерде көрінеді:

- табиғи-климаттық және географиялық айырмашылықтары;
- еңбек пен капиталдың біркелкі бөлінбеуі;
- бюджетаралық қатынастардың қазіргі жүйесі.

Қоғамның даму процесінде осы факторлардың рөлі, оның өндірістік мүмкіндіктері және қажеттіліктердің деңгейі мен мазмұны өзгеруде. Сондықтан "бірінші табиғат" факторларының артықшылықтары мәңгілік емес. Мәселен, егер ерте индустриялық кезеңде аумақтың дамуының маңызды факторлары табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуі және географиялық орналасуы болса, онда постиндустриалды кезеңде адами капитал мен институттар бірінші орынға шығады. Яғни, табиғи ресурстардың маңыздылығы салыстырмалы түрде төмендеген кезде, басқа артықшылықтар жиынтығы бар басқа аумақтар көшбасшы болады. Осылайша, объективті қолданыстағы немесе арнайы "өсірілген" артықшылықтарсыз өңірлердің экономикалық теңсіздігін азайту мүмкін емес.

Сонымен қатар, "бірінші табиғат" факторларын өзгерту өте қиын, бірақ "екінші табиғатты" - адам капиталы мен институттарды - қоғамның, мемлекет билігінің жақсаруы.

Адами капитал әлеуметтік қызметтерді дамыту арқылы қалыптасады, сондықтан өңірлердің экономикалық емес, әлеуметтік теңсіздігін төмендету маңызды міндет болып табылады, өйткені жинақталған адами капитал ғана өсудің тұрақтылығы мен жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Демек, әлеуметтік салада аумақтық айырмашылықтарды жеңілдету императиві сөзсіз (Зубаревич, 2008: 24).

Осы міндеттерді шешудегі бағыттардың бірі ретінде кеңістіктік әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті еңсеру, аумақтың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру агломерациялық әсерді - халық пен экономиканың аумақтық шоғырлануын ынталандыруда көрінеді.

Қазіргі елдің жағдайындағы аумақтық даму мәселелерін шешудің төрт негізгі бағыты бар:

- агломерацияларды дамыту (институционалдық жаңғырту және инфрақұрылымдық инвестициялар);

- басқарылатын перифериялық қысу (кеткісі келетіндерге көмек, қалған адамдарға тиімді негізгі әлеуметтік қызметтер);

- халықтың ұтқырлығының өсуіне жәрдемдесу (ұтқырлық факторларының бірі-халық табысының өсуі);

- аумақтық мәселелерді шешуде билік-бизнес-халықтың өзара әрекеттесу жүйесін құру.

Дәл осындай жағдайларда және осындай тенденцияларда аумақтық ресурстардың жеткілікті шоғырлануына, аумақтық проблемаларды шешу үшін бюджет қаражатын тиімді пайдалануға қол жеткізуге болады. Нәтижесінде, дәл осындай жағдайларда өңірлік және әлеуметтік саясаттың тиімді интеграциясын жүзеге асыруға болады. Мұндай интеграцияның міндеті - ішкі әлеуметтік шиеленістерді әлсірету, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтау. Жүргізіліп жатқан интеграциялық саясаттың басымдықтары болуға тиіс:

- ірі қалаларды, өңірлердің орталықтарын және олардың агломерацияларын дамытуды жеделдету;
- аумақтардың бәсекелестік артықшылықтарының шоғырлануы;
- бизнес пен ел тұрғындарының көпшілігі үшін экономикалық қашықтықтың төмендеуі;
- халықтың қалыпты өмір сүру деңгейін және табысын ұлғайтуды қамтамасыз ету, еңбек нарығын дамыту және халықты жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;
- аумақтық әділеттілік қағидаттарын іске асыру;

Қорытынды

Өңіраралық экономикалық дифференциацияны төмендету, артта қалған өңірлерді орта деңгейге дейін көтеру өңірлік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Әлеуметтік және экономикалық саясатты өңірлік теңсіздікті жөнү тұрғысынан біріктіру аумақтың дамуындағы әлеуетті мүмкіндіктерді анықтайтын фактілердің барлық түрлерін барынша ескеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- ГРАНБЕРГ, А. Г. (2012). Региональное развитие: опыт России и Европейского Союза: монография, М.: Экономика. – 576 с.
- ЗУБАРЕВИЧ, Н. В. (2008). Социально-экономическое развитие регионов: мифы и реалии выравнивания, Журнал «SPERO» №9. – 24 с.
- ЛЕОНОВ, С. Н., СИДОРЕНКО, О. В. (2011). Селективная региональная политика как самостоятельный тип региональной политики государства // Электронный вестник. – №28. – С. 1-6.
- Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>.
- САМАРИНА, В. П. (2016). Особенности оценки неравномерности социально-экономического развития регионов // Проблемы современной экономики, №1 (25). – С. 300-304.